

**Т.Жармагамбетов атындағы орта мектебінің 6 «ә» сыныбында
2023 -2024 оқу жылының жылдық жұмыстары жөнінде хабарлама**

2023-2024 оқу жылында 6 «ә» сыныбын барлығы 22 оқушымен бастадык. Оның 10-ы ұл бала, 12-сі қыз бала. Оқу озаты – 2, екпіндісі – 12. Сыныптың әлеуметтік жағдайы жақсы. Мектепішілік есепте тұрган оқушы жок.

2023-2024 оқу жылында жыл бойында сынның оқушыларын еңбексүйгіштікке, адалдыққа, өз Отанын құрметтеуге, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбие құндылықтарының З бағыт бойынша тәрбие жұмыстары жүргізілді. Ата ананың өсietтін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

1. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемелекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сактауға отаншылдық пен мемелекетшілдікке тәрбиелеу.
2. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениеттің қалыптастыру.
3. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияналды тұрақтылыққа баулу.
4. Табиағтқа, табиғи мұрага ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу. Оқу жылында сынның тәрбие жұмыстары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы тәрбие құндылықтары «ҰЛТТЫҚ МУДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП» жүзеге асырылды.

Осы құндылықтарды басшылыққа ала отырып жылдық тәрбие жоспары күршылып жұмыстар аткарылды.

Тәрбие-халықтың гасырлар бойы жинақтап, ірікте алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай мақсат, міндеттерді басшылыққа ала отырып жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, тәрбиенің басым бағыттарына аса назар аударылды. Жоспарға сай барлық тәрбие сағаттары қамтылып, атқарылған жұмыстардың есебі тапсырылды. Сынып оқушылары өте белсенді, мектептегі және мәдениет үйіндегі шараларға қоғамдық іс-шараларға белсene қатысады. Сынып оқушылары аудандық, облыстық кезең бойынша спорттық шараларға да қатысып өздерін жақсы жақтарынан көрсете білді.. Сонымен қатар атап-аналармен де жұмыстар жоспарға сай өткізіліп отырды.

Класс жетекшісі:  Г.Батырханқызы